



**Автор:** САДУОВ КАЛИЖАН КОШКИНБАЕВИЧ

**Пән:** Қазақ тілі (Т1)

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі

**Тақырып:** Жануарлар әлемі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.Т/А3.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтату. 5.О1.Тілдік бағдардағы сөздің тура және ауыспалы мағыналарын көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдандыру. 5.Ж2.Мәтін бойынша әңгіме құрастырып жаздыру.
Сабақтың мақсаты:	- Табиғатты сипаттап жазуда эссе құрылымын сақтайды және өз жазылымында сипаттау мәнді сөздермен қатар, сөздің тура және ауыспалы мағыналы сөздерді қолдана алады. Мәтін бойынша әңгіме құрастырып жазады.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік мақсаттар: оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын, болжамдарын тыңдалым/айтылым материалдарына сүйене отырып, сын тұрғысынан ойлау арқылы, креативті шығармашылық қабілеттерін пайдалана отырып, еркін жеткізе алады. Пән лексикасы және терминология: Жер беті, қоршаған орта, қорғау, ақбөкен, аялау, пайдалану, зияны, сирек кездесетін, жоғалып бара жатқан, қызыл кітап, енгізу, өсімдік т.б.
Күтілетін нәтиже:	Тура және ауыспалы мағыналарын сөйлемдерді қолданады. Сипаттау эссесін жазады.
Бағалау критерийлері:	-Жазба жұмыстарында сөздің тура және ауыспалы мағыналарын сөйлемдерді қолдана алады. - Құрылымын сақтай отырып сипаттау эссесін жаза алады;
Құндылықтарды дарыту:	-Жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет; - топтық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық; - өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық; - топтық жұмыстар, креативті шығармашылық ізденістер барысындағы еңбек және шығармашылық; - білімін тереңдету, қажетті материалдарды табу, өзінің жұмысын ұсыну мақсатында өмір бойы оқу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	- АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (Экранпроектор)
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, Қазақ әдебиеті
Бастапқы білім:	Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Сергіту сәті: «Қара, есіңе сақта, топтастыр». Бұл жерде оқушыларға аңдардың суреттерін көрсетесіздер, кейін алып тастап, қандай аңдар көргендерін, олар туралы не білетіндерін сұрау арқылы оларды топтарға бөлесіздер. Мысалы, тауда өмір сүретіндер, орманда мекендейтіндер т.б.Мақсаты: сыни ойлауын дамыту, визуалды есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қызығушылықты ояту:Суреттер көмегімен жаңа тақырыпты болжау, оларды сөйлету әр жұпқа 2 минут беріледі. Оқу мақсаттарымен таныстырылып, бағалау критерийлері оқушылармен бірге жасалынады.Мұғалім оқушыларға мақсатты таныстырған соң, бүгінгі сабақта орындалатын тапсырмаларды қалай бағалайтындарын ақылдасады, оқушылардың болжам жауаптарымен критерий құрастырылады.	<a href="http://bilimland.kz/kk">http://bilimland.kz/kk</a>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	<p>1.Тыңдалымалды тапсырма: -Оқушыларға «Ақбөкен туралы біз не білеміз?»- деген бейнефильмді көре отыра барысты сипаттау кезінде қолданған тіркестерді жазып отыру тапсырылады (Жеке жұмыс). -Әр бала өз жазғандарын жұпта талқылап, өз жазбаларын толықтырады. (Жұптық жұмыс). Оқушыларды топқа бөлу. Топқа бөлу кезеңі. Дәмі тіл үйіреп ..... Оқушылар ортаға шығады.Тыңдалым тапсырмасы: Бейнебаянда қандай мәселе көтеріледі? Тыңдалым жұмысы аяқталған соң оқушылар бейнематериал мазмұны бойынша сөйлеммен сөздің тура және ауыспалы мағыналарына (көп нүктенің орнына сөздер мен сөз тіркестерін қойып) жауап береді.(Топтық жұмыс) «Ривин кестесі» бойынша тілдік бағдармен жұмыс Тілдік бағдар Сөздің тура мағынасы Сөздің ауыспалы мағынасы</p> <p>1.Ережесі Сөздің затты немесе құбылысты білдіретін мағынасы тура мағына деп аталады. Сөздің тура мағынасының негізінде туып,өрбіген,жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағыналары болады.</p> <p>2.Мысалы Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады.Сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра аламыз.</p> <p>Лексикалық мағынаның бұл түрін туынды мағына деп атайды.</p> <p>1.Аспан,жер,орман,жел. 2.Көз-күннің көзі,бұлақтың көзі, иненің көзі,пайданың көзі. Дұрыс-бұрыс ойыны 2-тапсырма.</p> <p>1.Ақбөкен қандай жануар ?</p> <p>2.</p> <p>.....</p> <p>3.Оны қазақтар тағы да қандай атаумен атайды ?</p> <p>4.</p> <p>.....</p> <p>5.Ақбөкендер қалай сақтанады ?</p> <p>6.</p> <p>.....</p> <p>7. «Киіктердің өзін-өзі емдеуі» қандай жолмен жүзеге асады ?</p> <p>8.</p> <p>.....</p> <p>Оқушыларға жазылым кезінде қолдануға болатын сөздер мен сөз тіркестері ұсынылады: Ақбөкен,сұлу аң, тау патшасы, жалғанды жалпағынан басып жүреді, паң жүрісі, биіктең қарғиды, сирек кездесетін т.б. Бұл жерде оқылған жұмысқа оқушылар бағалау жүргізуі керек, ол топта жүреді. Ол үшін оқушыларға бағалау парағы беріледі, бір-бірінің жұмысын бағалайды.</p>	http://bilimland.kz/kk
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>51.Сабақта маған пайдалы болды. 1. .... 2. .... 3. .... 2. Маған қиын болды. 1. .... 2. .... 3. ....</p> <p>Маған көмек қажет. 1. ....</p> <p>.....</p> <p>Тақтаға рефлексия жасау үшін дайын құрылымды шығарып, оқушылар бүгінгі өзінің әрекетіне талдау жасайды. Сол арқылы мұғалім бүгінгі сабақтың сәтті және сәтсіз тұстарын анықтай алады.</p>	http://bilimland.kz/kk
Рефлексия (5 минут)	<p>Жаратылыстану бағытындағы пәндермен байланысы күшті сабақ, әсіресе Қазақстандағы қызыл кітапқа енген жануарлардың мекендейтін жерлері, тұрағы туралы ақпарат география пәнінен алған білімдерін көрсетеді. Оқушы тыңдалым материалын АКТ мүмкіндіктерін пайдаланып көреді.Оқушы қоршаған ортаның бір бөлігі екенін сезіне отыра, оған деген өз жауапкершілігін сезінеді.</p>	http://bilimland.kz/kk